

№ D00051 10.08.2021 ж

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

НҰРДЫХАНОВА БАЯН МҰРАТҚАНҚЫЗЫ

Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы

№1 «Арай» балабақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы.

Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады.


Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі.

Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мультфильмі.



Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністіңарасынанбіреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.



Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы: Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.

«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.

Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

Көктем келді

САБДЕНОВА ҰЛЖАН

*Түркістан қаласы ТОАӘДБ «Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп интернат» КММ
Мектепке дейінгі топ тәрбиешісі*

Мақсаты: Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстарды, өсімдіктер мен жануарлардағы өзгерістерді бақылап ажырата білуге үйрету, үлкендердің еңбегін бақылау арқылы еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғауға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Іс әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс әрекеті
Бінталандыру сезімдерін ояту	Шаттық шеңберін құрып, бір бірімізге жақсы тілектер тілейік. Бүгін бізге қонаққа апайлар келіп жатыр, барлығымыз амандасайық.	Шаттық шеңберін орындайды. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Қайырлы күн, қайырлы таң! Денсаулығымыз мықты болсын! Заманымыз тыныш болсын! Аспанымыз ашық болсын! Барлығымыз дос болайық!
Ұйымдастыру іздену	Балалар жылдың неше мезгілі бар? Жыл мезгілдерін атайық? Әр жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктері болады. Енді мен сендерге жұмбақ жасырамын.	Жылдың төрт мезгілі бар; Қыс, көктем, жаз, күз.
	Қар ,мұз еріп, су көбейіп, Сай салаға ағады. Бүршік шашып, жапырақ ашып.	Балалар сурет бойынша жыл мезгілдерінің

	<p>Гүл бәйшешек басады. Ал балалар айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Бүгін ұйымдастырылған іс әрекетінде « Көктем келді» деген тақырыпта сабақ өтеміз.</p>	<p>ерекшеліктерің айтады.</p> <p>Жұмбақты шешу. Көктемде</p>
Жаңа сабақ	<p>Наурыз көктемнің алғашқы айы. Балалар көктемнің алғашқы күндерінде қандай мерекені тойладық? Қазір біз көктемге саяхатқа шығамыз. Көктемде күн қандай болады?</p>	<p>Аналар мерекесін.</p> <p>Жылы болады. Бәйшешек</p>
Ғажайып сәт	<p>Қар еріп , күн жылынып, жылғалардан су ағады, бұтақтар бүр жарып, жер көктейді, кейбір аңдар ұйқыдан оянады, малдар төлдейді. Көктемде қандай гүл шығады? Балалар мынау ненің дауысы тыңдайықшы?</p>	<p>құстардың дауысы</p> <p>ұя жасап қарсы аламыз</p>
Ойын	<p>ұзақ қарға , қарлығаш, тырналар ұшып келіп жатыр. Құстарды қалай қарсы аламыз? Алдарымыздағы пішіндерден құстарға ұя құрастырайық. Құстар туралы қандай тақпақтар білеміз «Ұясын тап» Балалар мына суретке қараңдаршы орманда нелерді көріп тұрсыңдар? Мынау қандай аң? - — қыста аю не істейді? — қай мезгілде ұйқысынан тұрады?</p>	<p>ұшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелекті пайдаланып ұя құрастырады, тақпақтар айтады балалар қызыға ойнайды</p> <p>аңдарды</p> <p>аю ұйықтайды көктемде</p> <p>аю туралы тақпақтар айтады</p>
Ойын	<p>Аю ұйқыдан тұрған екен, тақпақтар айтып, аюды сергітейік</p>	<p>тиін</p>
Сергіту сәті:	<p>Өзі орман еркесі, Қарғып жүрер жан-жаққа, Өте құмар жаңғаққа.</p>	<p>балалар ойын ойнап аю балды, тиін жаңғақты, қоян сәбізді</p>

<p>Ойын</p> <p>Бағалау: Қорытындыл ау:</p>	<p>Бұл қандай аң? « Аңдар немен қоректенеді»?</p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар. Су құйғанда өседі. Балалар біз табиғатты қорғап, табиғатқа қамқорлық жасауымыз керек. Табиғат туралы тиым сөздерді қайталатып, мағынасын түсіндіру. « Ненің құйрығы?»</p> <p>Балалар сендерге көктем мезгілі ұнады ма? Сендер бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар. Көктем құстары сендерге сыйлық әкеліпті.</p>	<p>жақсы көретінін тапты. Сергіту сәтін қимыл- қозғалыспен жасайды.</p> <p>Гүлді үзбе. Құстың ұясын бұзба. Ағашты сындырма. Суға түкірме. Құсты атпа. балалар жануарлардың құйрығын табуларына көмектеседі. ұнады — балалар мәз болып сыйлықтарын алады . Рахмет</p>
	<p>Күтілетін нәтиже: Білді: көктем мезгілінің ерешеліктерін Игерді: құстар, аңдар туралы тақпақтарды, жұмбақтарды, тиым сөздерді Меңгерді: табиғатты қорғап, қамқорлық жасауды</p>	



№ D00054 10.08.2021 ж

**Тренинг сабақ:
Сабырлы болу қиын ба?**

ИЛЬЯСОВА ГУЛЬМИРА МУРАТОВНА

Атырау қалалық №24 орта мектебінің педагог-психологі

Тренингтің мақсаты: Оқушыларды берілген тақырып бойыншы сөйлету, өзгелердің пікірін тыңдай білуге үйрету; сөздік қорларын байыту, адамгершілік қасиеттерін бойларына дарыту, сабырлы болуға шақыру.

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Психолог: Сәлематсыздар ма, қымбатты ұстаздар мен оқушылар!

Бүгінгі пікірталасымызға қош келдіңіздер! Алдымен мен кіріспе сөзден бастамақпын. Кісілік қасиет жеке адамдардың ақыл-парасатынан өмірге көзқарасынан туындайды. Адам белсенділігі артқан сайын қасиеттер жинақталып, әркімнің кейпін, мінезін көрсетеді.

Мінез – киелі қасиеттердің жиынтығы. Мінез құндылығы - жүректі тазартатын, сергітетін сезімде, жақсы-жаманды екшеп ой қорытып, адамның ширауында, кез келген мәселені салмақпен, сабырмен шеше алатын қылықта. Адам мінезінің аса бір көркем түрі – сабырлық. Адам баласының бойында оны дәл сабырлылық тәрізді керемет етіп көрсететін мінез кемде-кем. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген қанатты сөз тегіннен –тегін айтылмаса керек. Ашуға да , қуанышқа да сабырлылық көрсету адамдықтың үлкен белгісі. Күнделікті өмірде адамдар бір-бірін болмашы нәрсеге ренжітіп алып жатады, ашуланып, асығыс істер жасап жатамыз. Соңынан опынып жататын кездер де болады. Ал осындай жағдайларға тап болмаудың жолы – сабырлы болу. Ал сабырлы болу қиын ба? Бүгінгі кешіміз осы сұрақтың төңірегінде болмақ. Осы тақырыпты алдын ала оқушыларға таныстырып, оларға эссе жазғызған болатынмын. Сынып оқушыларының пікірлері екіге бөлінді. Сондықтан да мен бүгін оқушыларды екі жаққа бөліп отырғыздым. Пікірталасымызды бастамас бұрын ортаға биші қыздарымыздың биін тамашалап алайық. Ортаға қыздар шығады.

2. Негізгі бөлім. Енді өзіміздің негізгі тақырыбымызға көшейік. Алдымен сабырлылық дегенді қалай түсінесіңдер? Оқушыларды тыңдап көрейік.

Оқушы: Сабырлылық адам бойына екі жолмен дариды. Бірі – туа біткені де, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеу жолымен келеді. Ой-санасы қалыптаса бастаған бала ең алдымен өзіне осы сабырлықты серік еткені жөн деп ойлаймын.

Оқушы: Сабырлылық адамның өз мінез-құлқына ие бола алатындығын көрсетеді. Өзіңе сабыр, сабыр деп жүрсең көптеген ыңғайсыз жағдайлардан құтыласың. Сондықтан да сабырлы бола біліңдер деп айтқым келеді.

Оқушы: Адам болған соң кейде біреудің абайсызда айтқаны көңілді ауыртады. Кейде арты ұрыс-керіске айналып кетеді. Осындайда адамға сабырлылық өте керек деп ойлаймын.

Психолог: Балалар, естисіңдер ме, әлдекімдердің дабырласып сөйлегендері естіледі. Осы мезгілде Бүлдірген мен Күлдірген ұрысып кіреді.

Күлдірген: Ұшқалақ екенің өтірік пе?

Бүлдірген: Ұшқалақ болсаң, өзің бол, білдің бе?

Психолог: Ау, балалар, амансыңдар ма! Не болып қалды тағы да? Бұл не дау?

Бүлдірген: Мына Күлдірген мені ұшқалақ дейді.

Күлдірген: Ұшқалақ екенің өтірік пе?

Психолог: Сендер әуелі сөздің мағынасын түсініңдер. Әртүрлі мінез болады: биязы, момын, сабырлы, ұшқалақ дегендей.

Бүлдірген: Сонда ұшқалақ деген жақсы мінез бе?

Күлдірген: Жақсы ма, жаман ба, әйтеуір сенің мінезің ұшқалақ.

Бүлдірген: Ал сен ше, сенің мінезің қандай, айтайын ба, сен бе, сен ... жуассың. Бір бірін мазақтайды.

Психолог: Балалар, бір бірінді кемсітпей сөйлеңдер. Бұл әдептілік емес. Оданда мына оқушылардың қасына отырып, пікірлерін тыңдаңдар. Сонда бәрін түсінесіңдер. Балалар, ешқашан да бір бірінді кемсітпеңдер. Оданда дос болыңдар. Қане, қолдарыңды алып достасыңдар. Қазір сендерге арнап балалар ән орындап береді. «Дос болайық бәріміз» әні орындалады.

Психолог: Рахмет, балалар. Ал енді әңгімемізді әрі қарай жалғастырайық.

Сабырлы болу қиын деген пікірмен келіп отырған оқушыларға сөз берейік.

Оқушы: Адамның бір қасиеті – мінез деген. Қазіргі кезде адамдар тез ашуланшақ болып келеді. Егер адам ашуланшақ, ызақор болса, олардың сабырлы болуы қиын сияқты. Бұл менің ойым әрине.

Оқушы: Мен де осы пікірге қосыламын. Қазір қай жерге барсаң да бір-бірінің сөзін көтермей, кез-келген нәрсеге ашуланып, асығып жүрген үлкен апаларымыз бен ағаларымызды көреміз. Ал, балалар үлкендердің мінездерін қайталайды. Ондай адамдардың сабыр сақтауы қиынға соғады деп ойлаймын.

Оқушы: Мен негізгі адам өте сабырлы, салмақты, ойлы, мәдениетті, қарапайым болу керек деп ойлаймын. Неге сондай болуға ұмтылмасқа?

Психолог: Ал енді сабырлы болу оңай, ол тек адамның өзіне ғана байланысты деген пікірмен келіп отырған топқа сөз берейік.

Оқушы: Мен үшін сабырлы болу қиын емес. Сабырлы болу адамның өзіне байланысты. Әр нәрсеге байыппен қарау керек. Өзіңді өзің ұстай білу қажет. «Сабырлы болсаң, ісің де өнімді болады» деп атам үнемі айтып отырады. Мен өзім сабырлы болуға тырысамын.

Психолог: Балалар, жақсы пікірлер айтып жатырсыңдар. Сабырлылық жақсы қасиетке жататынын түсіндіңдер. Ал енді адамгершілікке жататын жақсы қасиеттер мен жатпайтын жаман қасиеттерді білесіңдер ме? Қазір алдарыңызда жатқан кестені толтырып қараңдар. Кім қаншалықты білетінін көрелік. (кестені толтырады) Жақсы қасиеттер Жаман қасиеттер. Жауаптары оқылады.

Психолог: Адам бойында кездесетін қасиеттерді атап шықтық. Сабырлы болу – жақсы қасиет екенін түсіндің. Ал енді осы сабырлылық туралы даналарымыз не деп ойлайды екен, соны білейік. Тақтада ілінген нақыл сөздермен таныстырамын • «Ақыл – адам көрігі, Ақылдың сабыр серігі» М. Әуезов • «Ойланып алмақ – сабыр сол» Абай Құнанбаев • «Сабырлының алдында дұшпан сасады, Сабырсыздан береке қашады» Б. Момышұлы • Адам сәні – даналық, Даналық сәні – сабыр, Сабыр сәні – батырлық, Батырлық сәні – биязылық Үнді нақылы

3. Қорытынды бөлім.

Психолог: Міне, бүгінгі тақырыбымыз бойынша пікір алмасып, ой бөлісуіміздің қорытынды бөліміне де жеттік. Енді оқушылар, ойларыңды түйіндеп, қорытындылап жіберейік. Ол үшін әр топқа «Сабырлы», «Адамгершілік», «Ниет», «Болашақ» деген сөздерді таратып беремін, сол сөздерді байланыстырып қорытынды сөздеріңді айтасыздар.

Психолог: Рахмет, балалар. Енді осы тақырып бойынша мен де өзімнің қорытынды сөзімді айтайын. Ақ ниеттен теріс пиғыл тумайды, жақсы кісі жаманшылық қумайды. Ақ ниеттілік, сабырлылық мінез мінін туралайды. Бүгінгі кешімізге қатысып отырған оқушыларыма, Бүлдірген мен Күлдіргенге айтарым: сабырсыздық күйгелектікке, асығыстыққа соқтырады. Ақылмен емес асығыстықпен біткен істің қашанда бір қайнауы ішінде жүреді. Сондықтан да сабырлы болуға тырысыңдар. Сөзімді неміс философы И. Канттың сөздерімен қорытындылағым келеді: 1. «...өз ойыңды орынсыз талқыға ұшыратпау үшін өсек сөзге жүгінбей, сөзді сақтана, салмақпен айт. 2. Әрқашан уәдеңе тұруға тырыс, өз сөзіңнің иесі болғын. 3. Ойы мен пиғылы теріс адаммен достасудан аулақ бол. 4. Біреудің жалаң немесе ашулы пікірінен туындайтын сандырақты анау айтарлықтай көңілде термегін...» Бұл қасиеттерді өз бойыңнан ізде. Өйткені адам болу үшін адамдықты сақтау адамның санасына, мінезіне, ұстамдылығына байланысты. Иmandылық қасиеттерін өміріне тамыздық ететіндер адам құндылығын құнттайды. Осыны ұмытпаңдар, балалар!

№ D00055 10.08.2021 ж

Понятия: клетка, ткань, орган, система органов

ЕСДАУЛЕТОВА АКСАУЛЕ КУНТУАРОВНА


г.Тараз.Сш. №35 им.А.Гайдар. Учитель биологии

Дата :	ФИО учитель:
класс: 7	Участвовали: Не участвовали:
Тема урока	Понятия: клетка, ткань, орган, система органов
Цели обучения, достигаемые на этом уроке (Ссылка на учебный план)	7.4.2.1 объяснять понятия: клетки, ткани, органы, системы органов
Цель урока	Все учащиеся смогут - объяснять понятия клетки, ткани, органы, системы органов. Большенство учащихся будут -устанавливать соответствие между рисунками и понятиями клетка, ткань, орган, система органов, организм. Некоторые учащиеся смогут -определять клетки, ткани, органы, системы органов.
Критерии оценивания	- Дают определение понятий <i>клетки, ткани, органы, системы органов</i> . - Классифицируют примеры на клетки, ткани, органы, системы органов. - Устанавливает соответствие между рисунками и понятиями (клетки, ткани, органы, системы органов).
Языковые задачи	Учащиеся могут: - использовать термины: клетка, ткань, орган, система органов в устной и письменной речи, при описании рисунков и диалоге Предметная лексика и терминология Клетка, ткань, орган, система органов Серия полезных фраз для диалога/письма

	<p>Клетка — это структурная единица... В отличие от клетки, ткань ... Клетки образуют... Ткань образует... Я уверен (-а), что эта не орган/ткань/клетка, так как... Должно быть, это орган/ткань/клетка потому что ... Это не может быть орган/ткань/клетка, потому что он/она не -имеет...</p>	
Воспитание ценностей	<p>Формирование уважения к мнению одноклассников в группе, дружлюбие необходимость совместного планирования деятельности при работе в группах, обеспечивает терпимость и дружелюбные отношения учащихся, формирование ответственности за полученные знания.</p>	
Межпредметная связь	<p>Химия, физика, медицина, естествознание.</p>	
Предыдущие знания	<p>Естествознания», (5-6 класс) - животные и растения состоят из клеток, тканей и органов</p>	
Ход урока		
Запланированные этапы урока	Виды упражнений, запланированных на урок:	
Начало урока	<p><u>Эмоциональный настрой на урок</u> Прием «Смайлик»</p>  <p><u>Вызов:</u> Прием «Пазл» Учащимся предлагается собрать пазл и отгадать тему урока. У каждого на парте лежит свой пазл с картинками (клетки, ткани, органы, системы органов и организм) и определить тему урока</p>	Ресурсы

	<p style="text-align: center;">Пазлы</p> <p>1 2 3</p>  <p>4 5</p>  <p>Учащиеся формулируют тему урока и сами формулируют цель урока. Актуализация знаний по пройденному материалу «Классификация живых организмов» Учащимся предлагаются альтернативные задания на выбор разной сложности (дефференцированный подход) Задание 1 Определите, к каким царствам относятся изображенные организмы. Цель определять систематическое положение живых организмов.</p> <p style="text-align: center;"><i>Обучающиеся</i></p> <p>Критерий • Перечисляют царства живых организмов; оцениван • Определяют систематическое положение живых организмов. ия</p> <p style="text-align: center;">Дескриптор <i>Обучающийся</i></p>	
--	---	--

- определяют царства животных по рисунку;
- распределяют предложенные организмы по пяти царствам;
- соотносят названия с таксономическими группами.



	1	2	3	4	5
Царство					

Задание 2

1 Определите, к каким царствам относятся изображенные организмы.

Бактерии	Протисты	Грибы	Животные	Растения

1. Кишечная палочка	6. Ель	12. Папоротник
2. Ландыш	7. Спирилла	13. Стафилакок
3. Подсолнечник	8. Трутовик	14. Подберезовик
4. Волк	9. Амеба	15. Хлорелла
5. Дождевой червь	10. Мухамор	16. Улитка
	11. Эвглена зеленая	17. Кукушкин Лен

Задание 3 Соотнесите названия с таксономической группой.

Таксономическая группа

	<p>Название</p> <p>1) Хордовые 2) Животные 3) Красный волк 4) Хищные 5) Млекопитающие 6) Псовые 7) Красные волки</p> <p>Самооценка учащихся АМО «Лесница успеха»</p>	<p>А) Царство В) Тип С) Класс D) Отряд Е) Семейство F) Род G) Вид</p>	
<p>Середина урока</p>	<p>Создание коллаборативной среды: деление на группы – АМО «Найди свою группу»</p> <p>Учитель предлагает учащимся вытянуть треугольник со своим номером группы. Работа с интернет источниками по терминам или со словарем, каждая группа вытягивает свой термин и дает ему определение.</p> <p>Клетка, ткань, орган, система органов и организм</p> <p>Cell, tissue, organ, organ system, organism.</p> <p>Жасуша, ұлпа, мүше, мүшежүйесі, ағза</p> <p>•</p> <p>АМО «Карусель» передвижение спириров по часовой стрелки, знакомство с понятиями</p>	<p>Картинки смайлик</p> <p>Картинки клетка, ткани, органы, системы органов и организм</p>	

	<p>Работа в группах с использованием информационного дополнительного материала материала АМО «Инфо-карусель»</p> <p>На разных столах раскладываются информационный материал связанные с темой (книги,рисунки, наглядные пособия)</p> <p>Каждая группа составляет кластер опираясь на вопросы предоставленные учителем</p> <ol style="list-style-type: none">1.виды тканей растений2.виды тканей животных3 системы органов растений4. системы органов животных <p>Дискрипторы</p> <p>Знают виды тканей растений и животных.</p> <p>Умеют составлять кластер</p> <p>Сравнивают ткани растений и животных.</p> <p>Определяют сходство и различие клеток, тканей и органов растений и животных.</p> <p><i>Защита кластера каждой группы.Оценивание групп,используется АМО «Светофор».</i></p> <p>Зеленый цвет – все было понятно и доступно</p> <p>Желтый цвет – возникали вопросы</p> <p>Красный цвет – нужно доработать,не до конца изложили материал.</p> <p>Активити «Танцующий ежик»</p> <p>Закрепление материала АМО «ДА, НЕТ»</p> <p>Задание Выбери верные утверждения, обведи в кружок</p>	
--	---	--

Клетка это	Структурная и функциональная единица всего живого	ДА НЕТ
Ткань это	это часть тела человека, животного или часть растения, которая выполняет определённую функцию.	ДА НЕТ
Орган	это часть тела человека, животного или часть растения, которая выполняет определённую функцию.	ДА НЕТ
Система органов	это группа органов, которые имеют общий план строения, общее происхождение и выполняют общую функцию.	ДА НЕТ
Организм	это биологически целостная структура.	ДА НЕТ
<p>Критерии оценивания</p> <p>1.Одноклассник выполнил все правильно - 5 баллов</p> <p>2.Одноклассник допустил 2 ошибки – 3 балла</p> <p>3.Одноклассник допустил 3 и более ошибки – 1-2 балла</p>		

	<p>Взаимопроверка учащихся АМО «Лесенка успеха»</p> 	
<p>Конец урока</p>	<p>Домашнее задание 1. Выучить термины клетка, ткани, органы, системы органов, организм 2. Найти в интернет-источниках, историю открытия клетки. 3. Подготовить сообщение на 3-5 минут история открытия клетки. Рефлексия АМО «Радуга»</p>	<p>треугольники интернет источник карточки с терминами: клетка, ткань, орган, система органов, организм Использование «академического языка» Видео ролик Карточки с заданиями</p>
<p>Дифференциация – каким способом вы хотите больше оказывать поддержку? Какие задания вы даете ученикам более способным по сравнению с другими?</p>	<p>Оценивание – как Вы планируете проверять уровень усвоения материала учащимися?</p>	
<p>В начале урока на этапе актуализация знаний учащимся предлагаются дифференцированные задания. В конце урока на этапе домашнее задание сильным учащимся предлагается подготовить сообщение по теме "История открытия клетки"</p>	<p>Научились давать определение понятий <i>клетки, ткани, органы, системы органов.</i> - Классифицировать примеры на клетки, ткани, органы, системы органов. - Устанавливать соответствие между рисунками и понятиями (клетки, ткани, органы, системы органов). На данном уроке используются следующие методы активного обучения: прием «Смайлик», «Пазл», метод «Светофор», «Лестница успеха», «Инфо-карусель»</p>	<p>Охрана здоровья и соблюдение техники безопасности</p>

№ D00057 11.08.2021 ж

БІЛІМ ОРДАСЫНА ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫ ЕНГІЗУ

ӘКІМЖАН СЕРІКБОЛ ЕРМЕКҰЛЫ

*Қызылорда қаласы № 10 Ы.Алтынсарин атындағы
мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Спорт өнер ретінде таңдауды қажет етеді. Бір түрі физикалық күш - жігерді, екіншісі жылдамдықты, үшіншісі айқындық пен табандылықты қажет етеді. Ал, төртінші спорт түрі адамға қиын жағдайларда тез шешім қабылдауға және дұрыс қорытынды жасауға үйретеді. Мұндай спорт түрлеріне шахмат, дойбы және бір қатарда тоғызқұмалақ жатады.

Тоғызқұмалақ – ата-бабамыздың баға жетпес сыйы. Бүгінгі таңда бұл ойын ең қол жетімді спорт түрі ретінде адамзаттың лайықты тұлғаларының галактикасын жасай алатын, оны дамудың жаңа биіктеріне жетелейтін білім беру құралы бола алады.

Тоғызқұмалақ – тұлғаның жүйелі дамуының, ақыл-ой прогресі мен ми қызметінің қайнар көздерінің бірі, ол ерік-жігерді тәрбиелеуге, шыдамдылыққа ықпал етеді, ойлау өткірлігін, тапқырлықты, тез тапқырлықты дамытады, логикалық ойлауға үйретеді. Тоғызқұмалақ көптеген ұлттық спорт ойындары сияқты математикалық негізге ие.

Қазіргі уақытта адамдардың басшылық лауазымдарда немесе жауапты салаларда күрделі шешімдер қабылдауы қажет жағдайлардың көбейгенін ескере отырып, дамыған ақыл-ойы мен өзін-өзі тануы бар адамдар санының артуы өркениетті қоғамның жалпы дамуы үшін өте маңызды.

Осылайша, өскелең ұрпақты зияткерлік ойындарға – шахмат, дойбы және тоғызқұмалаққа - ақыл - ой шығармашылығымен айналысуға тарту-біздің қоғамның шұғыл араласуды талап ететін ең басты мәселелерінің бірі.

Мысалы, тоғызқұмалақта біз не деп атаймыз, кеңістіктік-уақыттық қатынастарды ескере отырып, құмалақтарды тақтаға дұрыс бөлу мәселесін шешуден басқа ештеңе жоқ. Сонымен қатар, есептеулер жүргізу үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Осының бәрін жеке адам өзі жасай алады-және бұл тоғызқұмалақтағы шығармашылық ойынның басты артықшылығы.

Қазақстанда мектеп бағдарламасына ұлттық қазақ ойындарын енгізу жоспарлануда. Жақын арада балалар дене шынықтыру сабақтарында «қазақ күресін», «тоғызқұмалақты» және «асық атуды» меңгеретін болады.

Белгілі болғандай, ұлттық ойындарды мектеп бағдарламасына енгізу туралы заң жобасы әлі күшіне енген жоқ және Сенаттың қарауында жатыр.

Мемлекеттік қызметшілер дене шынықтыру сабақтарында ұлттық спорт түрлерін танымал етудің арқасында бұқаралық спортты дамытуға болады деп болжайды.

«Бізде ұлттық спорттың 20-дан астам түрі бар. Заң жобасына ұлттық спорт түрлері, білім беру мектептерінің оқу бағдарламалары енгізілген және бұл міндетті компонент болып табылады, осы бағыттағы жұмыстар жүргізілуде. Кезең-кезеңмен біз ұлттық спорт түрлерін білім беру процесіне енгіземіз, қазіргі уақытта осы бағыттағы нормативтік-құқықтық актілер әзірленуде», - деп Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың сөзін келтірілгендей білім беру бағдарламасына енгізуді жоспарлап отырған дәстүрлі қазақ ойындарының тізбесін Қазақстан Білім және ғылым министрлігі жанындағы арнайы комиссия айқындайтын болады. Бастапқыда дене шынықтыру сабақтарында қазақтың ұлттық ойындарының үш түрі: «қазақша күрес», «тоғыз құмалақ» және «асық ату» оқытылады.

Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру – күрделі міндет болғандықтан, құрылымы мен мазмұны арқылы оқыту тәрбие мен оқытуға белсенді мақсатты сипат беруге қабілетті. Жалпы білім беретін мектеп жүйесіндегі тоғызқұмалақ сабақтарының жүйесі тоғызқұмалақ ойынында спорттық шеберлікті қалыптастырудың негізгі талаптарына жауап береді, ол жедел, ұзақ мерзімді жадыны дамыту, жадты дамыту әдістері, тоғызқұмалақтың ойлау процесіндегі есте сақтаудың маңызы болып табылады.

Назар, ерік және эмоциялар. Сана күйін анықтайтын психикалық параметр ретінде назар аударыңыз. Назардың тоғызқұмалақтың ойлауымен байланысы. Толқындардың концентрацияны реттеуші ретіндегі мәні. Ұзақ уақыт шоғырлану және назар аудару мүмкіндігі. Эмоционалды тұрақтылық және оны қолдау құралдары.

Техникалық-тактикалық арсеналын жетілдіру және спорттық нәтижелерді арттыру мақсатында жарыс тәжірибесін алу, арнайы психикалық қасиеттерді тәрбиелеу. Теориялық және практикалық бағдарламалармен қатар осы бағдарлама бойынша балалармен жұмыс топтағы сабақтар материалды жақсы игеру үшін жеке өтеді. Бағдарлама қалалық және мектеп жарыстарының жыл сайынғы кестесімен біріктірілген, бұл студенттерге теориялық білімдерін іс жүзінде толық көрсетуге, сонымен қатар дайындықтағы кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сабақтар әр түрлі формада болады-дәрістерден, әңгімелерден, ойын сабақтарынан және өткен тақырып бойынша жаттығуларды орындаудан басқа, бұл жетекшімен бір уақытта ойнау сессиялары, есептер, этюдтер, турнирлер, логикалық ойындар, кешенді ойындар (шахмат, дойбы), оқушылар тоғызқұмалақ тарихы бойынша баяндамалар дайындайды, жауапты турнирлерде Ойналған талдаулар жүргізіледі.

Бағдарламаның мақсаты – тоғызқұмалақ ойынын үйрету арқылы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Көрсетілген мақсаттарға мынадай міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

* Оқыту:

- ✓ тоғызқұмалақ тарихымен таныстыру,
- ✓ оқушыларға тоғызқұмалақ ойыны бойынша теориялық білім беру және жарыстарды өткізу ережелері мен турнирлік мінез-құлық ережелері туралы айту.

* Тәрбие:

- ✓ тоғызқұмалақ ойынына және жалпы оқуға деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты ояту,
 - ✓ өзіңіздің және басқалардың қателіктерін талдауға, олардан үйренуге, көптеген шешімдердің ішінен жалғыз дұрыс шешім таңдауға, өз іс-әрекетіңізді жоспарлауға, өз бетіңізше жұмыс істеуге үйрету,
 - ✓ қарсыласты құрметтеуге үйрету.
- * Дамыта оқыту:
- ✓ логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді, табандылықты және тұлғаның басқа да жағымды қасиеттерін дамыту,
 - ✓ қиялды ойлау әлеміне ену, қоршаған әлем туралы түсініктерді кеңейту.

МАЗМҰНЫ

- *НҰРДЫХАНОВА БАЯН МҰРАТҚАНҚЫЗЫ*
- *САБДЕНОВА ҰЛЖАН*
- *ИЛЬЯСОВА ГУЛЬМИРА МУРАТОВНА*
- *ЕСДАУЛЕТОВА АКСАУЛЕ КУНТУАРОВНА*
- *ӘКІМЖАН СЕРІКБОЛ ЕРМЕКҰЛЫ*